

2022 жылғы 05-11 наурыз аралығындағы кезеңге АПТАЛЫҚ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ

NASA спутниктері суреттерінің деректері бойынша 1.03-3.03.2022 ж.кезеңінде "Қазгидромет" РМК есептеген Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 65% - дан 64% - ға дейін азайды (1-қосымша).

ҚР жазық аумақтарының өзен бассейндері бойынша ылғал қорының көлемі мен топырақтың қату тереңдігі 2-қосымшада келтірілген.

2022 жылғы 5-11 наурыздағы апталық синоптикалық болжамға сәйкес Жерорта теңізі циклонының ықпалымен бүкіл кезең батыста, оңтүстікте және оңтүстік-шығыста, солтүстік-батыста, кезеңнің басында елдің солтүстігінде, орталығында, шығысында жауын-шашын (жаңбыр, қар) күтіледі. 5 наурызда қатты жауын-шашын (жаңбыр, қар) Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе облыстарында, 6 наурызда Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды облыстарында болады, күндізгі температураның 0-7 градусқа дейін көтерілуі болжануда.

5-6 наурызда Түркістан және Жамбыл облыстарында қатты жаңбыр жауады, осыған байланысты аталған **өңірлерде көлбеу ағын қалыптасады деп күтілуде.**

Солтүстік-Батыс антициклон басып кірген кезеңнің соңында Скандинавия түбегінің аудандарынан республиканың солтүстік, орталық және шығыс өңірлерінде ауа райы негізінен жауын-шашынсыз және ауа температурасы төмендейді деп күтілуде. (3 қосымша).

Қарағанды облысы

1.03. – 3.03.2022 ж кезең үшін. жиналған ылғал қорының көлемі:

Нұра өзені алабы 12 млн.м³ азайып, 635 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 40% - ға аз.

Шерубайнұра өзені алабы өзгеріссіз, 345 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 42% - ға аз.

Кеңгір өзені алабы бойынша на 20 млн.м³ азайып, 485 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.

2022 жылғы 5-11 наурыз аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі

- Нұра өзенімен Самарқанд су қоймасына келетін су (Балықты тұстамасы бойынша) 0,2-0,3 млн. м³ көлемінде;

- Шерубайнұра өзенімен Шерубайнұра су қоймасына келетін су (Қарамұрын тұстамасы бойынша) 0,4-0,6 млн. м³ көлемінде;

- Кеңгір өзенімен Кеңгір су қоймасына келетін су (Қаракеңгір және Сарыкеңгір тұстамалары бойынша) көлемі күтілмейді;

Есіл өзені алабы бойынша (СҚО және Ақмола облыстары)

1.03. – 3.03.2022 ж. кезең үшін жиналған ылғал қорының көлемі:

Бастауынан Астана су қоймасына дейін 5 млн.м³ көбейіп, 228 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 22% - ға аз.

Қалқұтан өзені алабы бойынша (Есіл өзенінің ағындысы) 33 млн.м³ азайып, 1287 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 20% - ға аз.

Жабай өзені алабы бойынша (Есіл өзенінің ағындысы) 43 млн.м³ азайып, 827 млн.м³ құрады, бұл орташа көп жылдық мәндерден 13% - ға аз.

Сергеевское су қоймасына дейін өзгеріссіз, 5507 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 21% - ға көп.

Сілеті өзені алабы бойынша 37 млн.м³ азайып, 583 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.

Шағалалы өзені алабы бойынша 2 млн.м³ көбейіп, 53 млн.м³ құрады, бұл орташа көп жылдық мәндерден 17% - ға аз.

2022 жылғы 5-11 наурыз аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі

- Есіл және Мойылды өзендері бойынша Астана су қоймасына келетін су (Түрген және Николаевск ГБ тұстамалары бойынша) 0,45-0,70 млн. м³ көлемінде;

- Есіл өзені бойынша Сергеевское су қоймасына келетін су (Тоқсан би және Иманбұрлық өзені – Соколовка ауылы тұстамалары бойынша) 3-5 млн. м³ көлемінде;

- Сілеті өзені бойынша Сілеті су қоймасына келетін су (Бестоғай ГБ тұстамасы бойынша) күтілмейді;

- Шағалалы өзені бойынша Шағалалы су қоймасына келетін су (Павловка ГБ тұстамасы бойынша) күтілмейді.

Ақтөбе облысы

1.03. – 3.03.2022 ж. кезең үшін жиналған ылғал қорының көлемі:

- **Ілек өзені алабы** өзгеріссіз, 336 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 15% - ға көп.

- **Қарғала өзені алабы** өзгеріссіз және 336 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 25% - ға аз.

2022 жылғы 5-11 наурыз аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі

- Ілек өзені бойынша Ақтөбе су қоймасына келетін су (Бестамақ тұстамасы арқылы) күтілмейді;

- Қарғала өзені бойынша Қарғала су қоймасына келетін су (Троицк және Қосістек тұстамасы арқылы) күтілмейді;

Батыс Қазақстан облысы

1.03. – 3.03.2022 ж. кезең үшін жиналған ылғал қорының көлемі:

- **Шыңғырлау өзені алабы бойынша** 14 млн.м³ азайып, 303 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 19% - ға аз.

- **Шежің өзені алабы бойынша** 7 млн.м³ көбейіп, 47 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 16% - ға көп.

- **Деркүл өзені алабы бойынша** 4 млн.м³ азайып, 144 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 14% - ға аз.

- **Шаған өзені алабы бойынша** 41 млн.м³ азайып, 149 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 25% - ға аз.

Қостанай облысы

1.03. – 3.03.2022ж. кезең үшін жиналған ылғал қорының көлемі:

- **Тобол өзені алабы (Жоғарғы Тобыл су қоймасынан жоғары.)** 26 млн.м³ көбейіп, 760 млн.м³ құрады, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.

- **Аят және Тобыл өзендері алабы бойынша (Қаратомар су қоймасына келіп түсетін су)** 9 млн.м³ азайып, 496 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.

2022 жылғы 5-11 наурыз аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі

- Тобыл өзені арқылы Жоғарғы Тобыл су қоймасына келетін су (Гришенка ГБ бойынша) 0,4-0,6млн. м³ көлемінде;

- Аят өзені арқылы Қаратомар су қоймасына келетін су (Варваринка ГБ тұстамасы) 0,3-0,4 млн. м³ көлемінде.

Таулы өзендер

Шығыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарының таулы өзендерінде ел аумағында қалыптасқан су тасқыны қатты жауын-шашынға байланысты.

ШҚО, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының таулы өзендерінде қар қоры айына бір рет 25 қар өлшейтін маршрут бойынша анықталады. Бір қар өлшегіш маршруттың ұзындығы орта есеппен 100 км құрайды, тиісінше таулы өзендер бойынша қар қоры бойынша келесі деректер 2021 жылғы сәуірдің алғашқы күндерінде ұсынылатын болады.

ҚР таулы аумақтары бойынша топырақтың қату тереңдігі бойынша деректер в 4-қосымшада келтірілген.

Шығыс Қазақстан облысы

1.03-3.03.2022 ж. кезеңінде облыс аумағын қармен жабу алаңы өзгерген жоқ және 95% - ды құрайды.

Шұлбі су қоймасынан төмен Семей қаласындағы Ертіс өзенінде мұздың қатуы байқалады, мұздың орташа қалыңдығы 44 см. Семиярка ауылында мұздың орташа қалыңдығы 98 см құрайды.

Павлодар облысының аумағында Ертіс өзенінде РФ шекарасына дейінгі мұздың орташа қалыңдығы 61-77 см құрайды.

Түркістан және Қызылорда облыстары

Түркістан облысының аумағын қармен жабу алаңы 1.03-3.03.2022 ж.кезеңінде 6% - дан 5% - ға дейін азайды.

Шардара су қоймасынан төмен Сырдария өзеніндегі Түркістан облысының аумағындағы Жосалы ауылына дейін (Қызылорда облысы) мұз түсті. Қараөзек ауылынан Қаратерең ауылына дейін мұз қатқан және мұз қатпаған, мұздың орташа қалыңдығы

Жамбыл облысы

Облыс аумағын қармен жабу алаңы 1.03-3.03.2022 ж.кезеңінде 25% - дан 18% - ға дейін азайды.

Облыс өзендерінде мұз құбылыстары байқалмайды.

Алматы облысы

1.03-3.03.2022 ж. кезеңінде облыс аумағын қармен жабу алаңы 57% - дан 59% - ға дейін ұлғайды.

Қапшағай су қоймасынан төмен Іле өзенінде Үшжарма ауылында мұз түсті. Мұз құбылыстары ауылдың төменгі ағысында сақталады.

Метеостанциялардағы көпжылдық бақылаулардың деректері бойынша наурыз, сәуір айларында тәулік ішінде жауын-шашынның айлық нормасы түсуі мүмкін, бұл қауіпті стихиялық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Траншекаралық өзендер

Осыны ескере отырып:

- Сырдария, Шу, Талас, Орал, Ертіс және Іле трансшекаралық өзендері ағысы көлемінің 80-90% - ы шектес мемлекеттер аумағында қалыптасады:

- ағынның үлесі, ҚР су алу лимиті мемлекетаралық бірлескен комиссияларда су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы уағдаластықпен айқындалады,

• жоғарыда көрсетілген трансшекаралық өзендердің шектес мемлекеттерінің аумағында, "Қазгидромет" гидрометеорологиялық мониторинг аймағынан тыс қалыптасатын ағын көлемі, тиісінше "Қазгидромет" жоғарыда көрсетілген трансшекаралық өзендер бойынша гидрологиялық болжамдар әзірлемейді.

Өзгидромет гидрологиялық болжамдарының деректері бойынша Сырдария өзені бассейніндегі өзендердің сулылығы төмен және норма шегінде күтіледі. Өзгидромет гидрологиялық болжамдары қоса беріледі (5-қосымша).

Қырғызгидромет пен Росгидромет гидрологиялық болжамдары мемлекеттік органдар мен мүдделі тұлғаларға олардың ұсынылуына қарай жіберілетін болады.

Бас директор

Д. Алимбаева

Бас директорының орынбасары

С. Саиров